

**«Есбол орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Қамқоршылық кеңесі отырысы болып өтті.**

№ 1 хаттамасы

Есбол орта мектебі

12.11.2024 ж

Қатысқандар:

Мектеп директоры – А. Олжағалиев

Әлеуметтік педагог – А. Төреғалиева

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

1. Калимукашева Анар – Есбол ФАП фильдшері

2. Дәулетқалиев Қуаныш – Даму спорттық балалар үйірмесінің жетекшісі, жеке кәсіпкер

3. Жакиев Мейрман - Махамбет АПБ ЖПП инспекторы

4. Рахымғалиева Гулбаршин – зейнеткер ұстаз

5. Сейтказиев Турлан - ата-ана

6. Қажығалиева Ардақ – Айгүл бөбекжай-бақшасы әдіскер/тәрбиеші

7. Жексенгулов Каблет – ата-ана

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Қамқоршылық кеңес қызметі мен оны қайта сайлау тәртібінің үлгілілік ережелерін бекіту.

2. Мектептің Қамқоршылық кеңес төрағасы мен хатшысын сайлау.

3. 2024-2025 оқу жылына Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарымен таныстыру.

Тыңдалды: А. Олжағалиев - мектеп директоры

1-мәселе бойынша: «Есбол орта мектебі» КММ Қамқоршылық кеңестің құрамына өзгерістер енгізу туралы, мүшелерін сайлау, қамқоршылық кеңесінің құрамын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығын басшылыққа ала отырып таныстырды.

Білім бөлімінің 2024 жылғы 29 қазандағы «Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңес құрамын бекіту туралы» №272 бұйрығы негізінде 3 жылға дейінгі өкілеттік мерзімі бар жаңа сайланған қамқоршылық кеңес құрамының бекітілгендігін айтып өтті. Қамқоршылық кеңестің мүшелері 3 жыл мерзімге сайланады және мерзімі аяқталғаннан кейін қайта сайлануға мүмкіндігі бар. Ал қажет болған жағдайларда осындай жалпы жиналыстың шешімімен оның құрамына өзгерістер енгізуге болатындығы туралы айтылды.

Қамқоршылық кеңесінің құрылымы мен қызметі туралы айта келіп, оның жаңа құрамын сайлау тәртібінің үлгілілік ерекшеліктеріне тоқталып өтті. Құрам төмендегі мүшелерден құралып отыр.

- 1.Калимукашева Анар – Есбол ФАП фильдшері
- 2.Дәулетқалиев Қуаныш – Даму спорттық балалар үйірмесінің жетекшісі, жеке кәсіпкер
- 3.Жакиев Мейрман - Махамбет АПБ ЖПП инспекторы
- 4.Рахымғалиева Гулбаршин – зейнеткер ұстаз
- 5.Сейтказиев Турлан - ата-ана
6. Қажығалиева Ардақ – Айгүл бөбекжай-бақшасы әдіскер/тәрбиеші
- 7.Жексенгулов Каблет – ата-ана

Әлеуметтік педагог –А.Төреғалиева

2-мәселе бойынша: Аудандық білім бөлімінің 2024 жылғы 11 қарашадағы №1787 сандық хатын негізге ала отырып қамқоршылық кеңестің комиссия мүшелері арасынан, кеңес төрағасын және кеңес хатшысын сайлау туралы айтты. Кеңес хатшысының атқаратын қызметі жұмыс барысын ұйымдастыра отырып жүзеге асыратының бірақ ол комиссия мүшесі болып табылмайтыны және дауыс беруге қатыспайтыны туралы айтып өтті.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен хатшысын сайлауға өз ұсыныстарыңызды білдіруге болады.

Сөйлеу: Г.Рахымғалиева – кеңес мүшесі

Мен комиссия мүшесі ретінде ауылымыздың фильдшері, әрі жас ана Калимукашева Анарды кеңес төрайымы және мектептің әлеуметтік педагогі Төреғалиева Айсананы кеңес хатшысы болуға лайықты деп танып отырмын.

Қ.Дәулетқалиев –кеңес мүшесі

Мен де осы ұсынысты қолдаймын.Талқылау мен пікір алмасу нәтижесінде ашық дауыс беру арқылы қамқоршылық кеңес төрайымы А.Калимукашева , кеңес хатшысы А.Төреғалиева сайлансын.

Әлеуметтік педогог- А.Төреғалиева

3-мәселе бойынша: 2024-2025 оқу жылына Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарымен және отырыстарымен таныстырып өтті.

Талқылау барысында келесі бағыттарда жұмыс жасау туралы шешім қабылданды:

- Мектепке материалдық көмек көрсету жолдарын қарастыру;
- Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларына қолдау көрсету;
- Мектепте түрлі іс-шараларды ұйымдастыруға атсалысу (мәдени, спорттық, тәрбиелік іс-шаралар);
- Мектеп ғимараты мен инфрақұрылымын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу.

Шешім етеді

1. Қамқоршылық кеңес қызметі мен оны қайта сайлау тәртібінің үлгілілік ережелері бекітілсін.

2. Қамқоршылық кеңес төрайымы Есбол ФАП Фильдшері

А.Калимукашева кеңес хатшысы әлеуметтік педагог А.Төреғалиева тағайындалсын.

3. 2024-2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары қанағаттанарлық деп табылсын.

Комиссия төрайымы



А.Калимукашева

Хатшы



А.Төреғалиева